

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Шымкент қаласы.

2018 жылғы 28 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жұмыс сапарымен «ПетроҚазақ- стан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне – Шымкент мұнай өңдеу зауытына келді

Мемлекет басшысы **Нұрсұлтан Назарбаев Шымкент қаласына келген жұмыс сапары барысында** Шымкент мұнай өңдеу зауытында болып, зауыттың жаңғырту және реконструкциялау жобасымен танысты.

Президент жұмыс істеп тұрған өндіріс жағдайында жаңа технологиялық қондырғылар салынған кәсіпорынның өндіріс алаңшасын аралап көрді. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның басшылығы Елбасыға жаңа 11 технологиялық қондырғы мен жалпы зауыт шаруашылығының 29 нысаны салынып, іске қосылғанын, Жаңғырту жобасының аяқталғанын баяндады.

Жаңғырту жобасы аяқталып, изомерлеу қондырғысы қосылғаннан кейін жоғары октанды бензиндерді шығару 100%-ды құрады. Ал, моторлы отындардың сапасы Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес K4 және K5 экологиялық класына жеткізілді (Евро-4 және Евро-5 аналогтары).

Сондай-ақ, «RFCC» каталитикалық крекинг, «Prime G+» бензинді гидротазалау, «Merox» қаныққан және қанықпаған

газдарды тазалау, сутекті тазалау және тағы да басқа қондырғылар кешенін іске қосқаннан кейін зауыттың мұнай өңдеу қуаты жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайтылып, мұнай өңдеу тереңдігі 85%-ға дейін жоғарылатылды.

Жаңғырту жобасы аяқталып, барлық нысандарды іске қосқаннан кейін зауытта жоғары октанды бензин өндіру көлемі жылына 652 мың тоннадан 2 270 мың тоннаға дейін, дизель отынын өндіру көлемі жылына 1 192 мың тоннадан 1 916 мың тоннаға дейін, авиаотынды өндіру көлемі жылына 254 мың тоннадан 400 мың тоннаға дейін көбейетін болады. Жоғары октанды автомобиль, бензиндерін өндіру үлесі 100%-ға жетеді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысына мұнай өңдеу зауыттарын цифрландыру (сандық жүйеге көшіру) жобаларын іске асыру аясында салынып, іске қосылған жаңа орталық операторлар жайы таныстырылды. Операторлар жайы заманауи сандық жабдықтармен жабдықталған және толық автоматтандырылуының арқасында Шым-

кент мұнай өңдеу зауытындағы барлық өндірістік процестерді бір жерден басқаруға мүмкіндік береді.

Жаңғырту жобасы зауытты жаңа өндіріс деңгейіне шығарып, Шымкент мұнай өңдеу зауытын барлық стандарттарға сай келетін ғана емес, сонымен қатар жаңа халықаралық сапа менеджменті жүйелеріне де сай келетін, бәсекеге қабілетті заманауи кәсіпорындардың қатарына қосты.

Сапар соңында Мемлекет басшысы «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне алға қойған жоспарларын орындау бойынша және өндіріс тиімділігін әрі қарай жоғарылату бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Айта кетелік, жобаның бас мердігері Қытай мұнай инженерлік-құрылыс корпорациясы (КМИКК) болды. «ПКОП» ЖШС – Қазақстандағы ең ірі зауыттардың бірі болып табылады және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен CNPC компаниясы әрқайсысы зауыттың 50% акциясына ие екені белгілі.

«ПҚОП» ЖШС баспасөз қызметі.